## Құрмет

# Сағыныштың пернесін әнмен басып...

Қазақтың классикалық әнін жаңа белеске шығарған Мейірхан Адамбеков еді. Арқадағы бір шың еді марқұм. Бақиға аттанғанына, міне, бес жылдан астам уақыт өтіпті. Өн дарынын өрелі тыңдарманы, өнердегі аға-бауырлары, шәкірттері сағынып жүр. «Шалқыма» концерт залында Мейірхан Адамбековті еске алған «Сағындым ғой...» деген сағыныш басар классикалық әндер кеші өтті. Облыстық мәдениет, құжаттама және архивтер басқармасы ұйымдастырды. Кешке алыс-жақыннан ән дүлдүлдері келді. Сағынышқа бөленген жүректі ән тербеді.

Кешті Мейірхан Адамбековтің сыр ұғарған досы, қазақтың аяулы әншісі Жаксыкелді Кемалов жүргізді. Досқа деген сағынышын бұл жолы өнмен емес, кеудендегі теңізді толқытар толғамды сөзбен жеткізді. «Оның артында перзентін жоқтаған асыл елі қалды, өнінің шуағын сіңірген жасыл белі қалды, сағыныш сазын сыңсытып, Арқаның төрі қалды, қаймана жұрты, Нұра мен Талды, Қарқаралы, Шайтанкөл қалды. Ошағының отын маздатып, ұрпағы қалды, туын түсірмей, жалауын жықпай, бүгінде ән өнерінде ойып орын алған бір қауым замандасы, сүйікті шәкірттері қалды. Оның репертуарындағы сырлы халық әндері, сал-серілер мұрасы, қайталанбас сазгерлердің ғажайып қазынасы бөлек табиғатымен тыңдарман жүрегінен өшпес орын алды», – деді. Расында,

Мейірхан Адамбеков ғұмырында тұтас Арқа даласына айналып кеткендей. Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Жарылғапберлі, Үкілі Ыбырай, Естай, Жаяу Мұса, Балуан шолақ, Иманжүсіптерден қалған ән Мәди, Жақыпбек, Жүсіпбектер арқылы алтын арқауын үзбей, Қайраттар мен Жәнібектерге дарыған. Қайрат Байбосынов, Жәнібек Көрменов пен бүгінгі талантты толқынның арасындағы алтын көпір Мейірхан Адамбеков еді.

Ән көшін Жезқазғаннан келген жезтаңдай әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері Ғалым Мұхамедин Біржан салдың «Жонып алды» әнімен бастады. Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, талантты әнші Серік Оспанов Сергіз серінің әні «Ғайниді» шырқады. Алаш баласы сүйіп тыңдайтын халық



әні «Жиырма бесті» Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, керекулік дүлдүл Ербол Айтбаев әуелетті. Тәттімбет атындағы өнер колледжінің ұстазы, қобызшы Жанқаш Жұмабеков Ықыластың «Кертөлғауын» толғады.

Мейірхан Адамбековтің шәкірттері бұл күнде жарқырап келеді. Олар – республикалық, халықаралық конкурстардың лауреаты Гүлмира Тапай, Мәдениет саласының үздігі Медет Осатаев, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Аяулым Қамажан, республикалық конкурстардың лауреаты Айбек Рымғали, республикалық конкурстардың лауреаты Қуандық Төкен. Ұстаз үмітін ақтаған шәкірттер ерелі тыңдарман алдында жоғары деңгейде өнер көрсетті. Өншісі сағынған жұрт шәкірттеріне тамсанды. Бүгінде Арқадағы шертпе күй мектебінің белді өкіліне айналған Мадияр Сүйлейменов Мұхамеджан Тілеухановтың «Тағдыр-ай» күйін шертті. Мейірхан Адамбековтің тағдыры қасиетті ән еді. Талантты әнші Құрмаш Ыбышев Садық Кәрімбаевтың «Ақерке» әнін орындады. Марқұм Мейірхан аға Кәрім Сауғабаевтың сөзіне жазған Ілия Жақановтың «Балқантау аққулары»

әнін ерекше орындайтын еді. Бұл әнді ізін басқан шәкірттерінің бірі де бірегейі Ержан Базарбеков айтты. Өн арасында «Ағам осылай айшықтаушы еді» деп ғаламат туындыны Мейірхан Адамбековтің мәнерімен өрбітті.

Мейірхан Сәйдіұлының әйгілі әнші, дарынды өнерпаз, үзеңгілес дос, қадірлі замандасы Рымтай Бәдеспен жарастық-сыйластығы бір бөлек әңгіме. Рымтай Бәдесовтің ұрпағы, әнші, республикалық конкурстардың лауреаты Саян Мұздыбай Несіпбек Айтұлының сөзіне жазылған Рымтай Бәдесовтің «Есінде ме» деген әнін құлпытты. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқенов «Аға сағыныш» әнін шырқады. Бұл ән – Қойлыбай Асановтың сөзіне жазылған төл туындысы. Мейірхан Адамбековтің Мұқағали Мақатаевтың «Кезімде қадірімді сезбес мынау» деген өлеңіне жазған әнін Бақтияр Орал есімді жас әнші орындады. Мейірхан ағаның орындауында халықтың сүйікті әніне айналған «Шайтанкөл» марқұмның ұлы Алданын Адамбековтің жүрегімен жетті.

Ерік НАРЫН «Ortalyq Qazaqstan»



## Qarqaraly

БАСПАСӨЗ – 2025

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қарқаралы аудандық «Қарқаралы» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ 87755483523 whatsapp бойынша ресімдеуге болады

ГАЗЕТКЕ 6 АЙҒА ЖӘНЕ 1 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ

Санаттар	«Қазпошта» АҚ	
Жеке жазылулар үшін	6 ай	3435.20 тт
	12 ай	6870.40 тт
Зейнеткерлер үшін	6 ай	2865.20 тт
	12 ай	5730.40 тт
Кәсіп-орындар мен ұйымдар үшін	6 ай	4215.20 тт
	12 ай	8430.40 тт

Анықтама телефоны: 8-775-548-3523

## ХАБАРЛАМА

## Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурс өткізу туралы

13.02.2025 жыл

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 43-1 бабын және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы басшылыққа ала отырып,

2025 жылдың 11 сәуір күні сағат 10-00 де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Т.Әубәкіров көшесі 23 мекен жайда орналасқан Қарқаралы ауданы әкімдігінің акт залында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттар тапсырылады:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау және тіркеу 2025 жылғы 18 наурыздан бастап 2025 жылғы 10 сәуір күні сағ: 18-30-ға дейін «Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінде қабылданады, орналасқан мекен-жайы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Ә. Бөкейханов көшесі, 40.

Конкурсқа қатысуға өтінім қағаз жеткізгіште қолма-қол не пошта арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер,

жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған

жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Конкурсқа хабарламада белгіленген мерзімнен кешіктірмей конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеген шетелдік заңды тұлғалардан, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан астамды құрайтын заңды тұлғалардан басқа, белгіленген тәртіппен тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары және мемлекеттік емес заңды тұлғалар жіберіледі.

Конкурсқа төменде келтірілген кестеде көрсетілген мынадай жер учаскелері қойылады:

№	Жер учаскесінің орналасқан ауылдық округ атауы (лот №)	Жалпы алаңы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде					Жалға алу мерзімі, жыл	Жер учаскесінің сипаттамасы (топырақ түрі), орташа балл бонитет	Сумен қамтамасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылық мамандануы	
			барлық егістік	оның ішінде суармалы егістік	барлық жайылым	оның ішінде ТЖ жайылым	шабындық					басқа алқаптар
1	Абай а/о Лот № 1	199,8333	-	-	192,0	-	-	7,8333	20 жыл	Қою қызыл топырақтар	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
2	Абай а/о Лот № 2	1437,7532	-	-	1436,0	-	-	1,7532	20 жыл	Қою қызыл топырақтар	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
3	Қ. Аманжолов а/о Лот № 3	199,8336	-	-	199,0	-	-	0,8336	20 жыл	Қою қызыл топырақтар	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
4	Қ. Аманжолов а/о Лот № 4	501,2296	-	-	500,0	-	-	1,2296	20 жыл	Қою қызыл топырақтар	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
5	Қ. Аманжолов а/о Лот № 5	716,6054	-	-	716,0	-	-	0,6054	20 жыл	Қою қызыл топырақтар	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
6	Бақты а/о Лот № 6	347,8565	-	-	347,0	94,0	-	0,8565	20 жыл	Қою қызыл топырақтар	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
7	Бақты а/о Лот № 7	327,6860	34,0	-	292,0	16,0	-	1,686	20 жыл	Қою қызыл топырақтар	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы
8	Тәттібет а/о Лот № 8	998,9224	-	-	995,0	-	-	3,9224	20 жыл	Қою қызыл топырақтар	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
9	Тәттібет а/о Лот № 9	486,3548	-	-	484,0	-	-	2,3548	20 жыл	Қою қызыл топырақтар	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы
10	Шарықты а/о Лот № 10	759,1854	258,0	-	495,0	-	-	6,1854	20 жыл	Қою қызыл топырақтар	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы
11	Шарықты а/о Лот № 11	732,7372	31,0	-	700,0	-	-	1,7372	20 жыл	Қою қызыл топырақтар	Қамтамасыз етілмеген	мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы
	Барлығы:	6707,9974	323		6356	110		28,9974				

Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) Қазақстан Республикасы Ауылшаруа-

шылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен бекітілген (мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертарандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуы тиіс.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет»

веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар

болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және «жылғы \_\_\_\_\_» «дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпаратты «Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі» Мемлекеттік мекемесінен мына мекен-жай бойынша алуға болады: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бөкейханов көшесі 40. Байланыс тел / факс 8 (72146) 31404.

## Жебеуші

## Мейірімділік – мықты адамдарға тән қасиет

Бесоба аулындағы №8 тірек мектебінде мекеменің әлеуметтік педагогы Баян Нұрмағанбетованың ұйымдастыруымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында тағылымға толы тәрбиелік шара өткізілді. Панасыз қалған балаларды қамқорлыққа алған ізгі пейілді адамдардың бойындағы бауырмалдық пен мейірімділікті паш етуді, оларға тәрбиеленушілер таралынан алғыс білдіруді мақсат еткен тәрбие сағатының мәні зор.

Баланың жүрегіне мейірімділік ұялату – әр адамның, әсіресе, ұстаздың парызы. Олай болса, қоғамды ізгілікке бастау адамдардың қолында екенін тәжірибелі ұстаз Баян Сәбитқызы тәрбие сағатына қатысушыларға, соның ішінде өскелең ұрпаққа барынша ұғындыруға тырысты. Қоғамның келешек иелеріне адамға тән құнды қасиеттерді қалыптастырып жүрген меймандар сапында Серік Ақбергенов, Зәмзагүл Ошақбайқызы, Алтынай Қарашина, Нұрғайша Манасова сияқты өнегелі жандар болды. Қазақ ұлтына тән асыл қасиеттерді бойларына дарытқан бұл ата-аналар әртүрлі жағдайға байланысты әке-шешенің қамқорлығынсыз қалған балаларды өз қанаттарының астына алып, отбасының мейірімі мен шауғына бөледі. Сондықтан да олар ауылдың ең беделді адамдары,



ел мақтаншы.

Панасыздарды қамқорлығына алған аулы жандар жас буынға үлкенге ізет көрсету, кішілерге қамқор болу мәдениетті, білімді адамдарға тән қасиет екенін жалықпай үйретіп, ұдайы мектеппен тығыз байланыста болады.

Тәрбие сағатының барысында қадірлі қонақтар отбасылық татулықтың сыры, ұрпақ тәрбиесіндегі ата-ананың

рөлі, балаларды еңбекпен тәрбиелеп, шығармашылыққа баулудың ерекшеліктері, тағы басқа тақырыптарға орай қойылған сауалдарға жауап беріп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Мектептің ұстаздар қауымы мейірман ата-аналардың қамқорлығындағы балалардың оқудағы жетістіктері туралы әңгімелеп, өздерінің ой-пікірлерімен бөлісті. Қамқоршыларының қолдауы мен аялы

махаббаты арқасында бұл балалардың арасында ерекше тұлғалар, бойында өнер оты ұшқындаған талантты жандар қалыптасып келеді екен. Мысалы, Назгүл поэзияға, шығармашылық еңбекке жақын, өлең жазады. Әмір мен Мансұр өлеңді мәнгерлеп оқуда алдарына жан салмайды, мектепте өтетін түрлі іс-шаралардың белсенді қатысушылары. Сонымен бірге, сурет салғанды да жақсы

көретін жеткіншектер. Айша мен Кәрима келістіріп ән айтады. Жандос қолөнеріне жақын, қазақтың ұлттық бұйымдарын жасауға құмар. Бұлар жас таланттардың аудандық, облыстық байқауларына қатысып, жүлделі орыннан көрініп, мектептің абыройын көтеріп жүрген оқушылар.

«Жүрекке жол тапқан мейірімділік» атауымен өткен іс-шара оған келген жұрттың да көңіліне жол тауып, жақсы әсерге бөледі. Қатысушылардың жанына бірде мұң, бірде қуаныш ұялатса да, мағыналы кездесу болғаны хақ.

Іс-шараға қатысушыларға мектеп әкімшілігінің Алғыс хаттары және кездесудің демалушылары – мектептің 2004 жылғы түлегі, «ANB MACHINERY» ЖШС сервис инженері Болатбек Хасенов, мектептің әлеуметтік педагогы Баян Нұрмағанбетова, ағылшын тілі мұғалімі Гүлжайнат Серікова өздері әзірлеген сый-сияпаттарын ұсынды. Сынып жетекшілері өз оқушыларына тәттілерін беріп, қуанышқа бөледі.

Жас ұрпақтың болашағы үшін маңызы зор, балаларды мейірім мен ізгілікке тәрбиелейтін іс-шараларды мектеп алдағы уақытта да ата-аналармен бірлесіп өткізе береді.

**Жанна ҒАЙСИНА,**  
мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

**Құттықтаймыз!**

Қарқаралы қаласының тұрғыны, асыл қазынамыз, аяулы анамыз, немере, шөберелерінің асыл әжесі **РАУЛОВА ТӨЛЕУ ОМАРҚЫЗЫ** 90 жасқа келіп отыр.



Әулетіміздің ақылгері, жанымызды шуаққа бөлеген құрметті жан! Сіз біздің ақылшымыз әрі кеңес айтар, тәрбие беріп, бағыт-бағдар нұсқар асыл жансыз. Өзіңіз шаңырағымыздың берекесін кіргізіп, барша ұл-қыздарыңызға, немере, шөберелеріңізге бақыт сыйлап отырсыз! Бүгінге бөліңіз қайысқанша еңбек етіп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген тоғыз ұл-қыздарыңыз, мейірім мен даналық нұрына бөлеп жеткізген немере-шөберелеріңіз өркен жайып, бір-бір шаңырақты биікке көтеріп, мәуелі бәйтеректей тамырын тереңге жайып, қара орманға айналды. Сіздің тәліміңіз бен тәрбиенізден көгерген ұрпағыңыз бүгінге айналасына абыройлы, елге сыйлы азаматтарға айналды. Сіздің маңдай теріңіз бен аялақаныңыз бізді осы күнге жеткізді. Сол үшін ұрпақтарыңыз сізге мәңгі қарыздар. «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды», – дейді. Алла сізге күш-қуат берсін! Ұл-қыздарыңыз бен немере-шөберелеріңіздің ортасында әрдайым жүзіңізден шуақ шашырап, қызығына тоймай жүре беріңіз! Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілейміз.

Ақ айдыңға салып бақыт кемесін,  
Жарқын жүзбен қуанышпен келесін,  
Құтты болсын тоқсан жасыңыз, Әжетай,  
Өзіңізді бір құдайым демесін.  
Бәйтерексіз жапырығы жайқалған,  
Барша жұртқа жақсылығың байқалған.  
Есен болсын ұрпағыңыз көрінген.  
Ән қалықтап, күй тегілін төріңнен,  
Бақ орнасын әрдайым басыңызға.  
Жас қосылсын, Әжетай, жасыңызға,  
Отбасына қуаныш сыйлап талай,  
Амандықпен жетіңіз жүзге қарай!

Тілек білдірушілер: **балалары, немерелері, жиендері, шөберелері**

**Хабарландыру**

«Алтай полиметаллы» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 2025 жылғы 28 Науырызда сағ.10:00-де, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты.а.о., Теректі а. Сұңқар көшесі 18, аудан әкімдігі мекенжайлары «"Алтай Полиметаллы" ЖШС Коктасжал кен орнына арналған РЕШН, ҚББ, ӨЭББ және ІсЖ жобалары» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/activities/5159?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/79993252640?pwd=hYLYWVZ5p0lPPSxQvHaFcN3TghhrU.1> немесе конференция идентификаторы: 799 9325 2640 Кіру коды: mscK70.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады [esorgo-1@mail.ru](mailto:esorgo-1@mail.ru) және + 7 (702) 557 40 58 телефондары бойынша алуға болады.

Жобаның бастамашысы: «Алтай полиметаллы» ЖШС, БСН: 050740000965, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты а.о., Теректі а., Қазыбек Би көшесі, 13-үй. тел: 8 (702) 5574058.

Жобаны әзірлеуші: «Есо Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе қ., көш. Тургенева 3В, тел: + 7 (702) 557 40 58.

Әсер ету аймағы:Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты а.о., Теректі а.

Учаскенің географиялық координаты: Коктасжал Кен Орны 50°06'02,86" с. е. 76°09'21,07" ш. б.

Әсер тигізетін территорияның географиялық координаты: Теректі а. (Шарықты а.о.) 50°00'35,76"с.е. . 76°10'23,91"ш. б.

**Объявление**

ТОО «Алтай полиметаллы», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 10 час 00 мин. 28 марта 2025 года по адресу: Карагандинская область, Каркаралинский район, Шарыктинский с.о., с.Теректы, ул. Сункар 18, районный акимат. состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проектам «Проекты НДВ, ПУО, ПЭК и ППМ для месторождения Коктасжал ТОО «Алтай Полиметаллы»».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/activities/5159?lang=ru>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний <https://us04web.zoom.us/j/79993252640?pwd=hYLYWVZ5p0lPPSxQvHaFcN3TghhriU.1> или Идентификатор конференции: 799 9325 2640 Код доступа: mscK70.

Дополнительную информацию можно получить по адресу [esorgo-1@mail.ru](mailto:esorgo-1@mail.ru) и по телефонам + 7 (702) 5574058.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО «Алтай полиметаллы», БИН: 050740000965, Карагандинская область, Каркаралинский Район, Шарыктинский с.о., с.Теректы, Улица Казыбек Би, Дом 13. тел: 8 (702) 5574058.

Разработчик проекта: ТОО «Есо Project Company», БИН:200540023731, г. Ақтөбе, ул. Тургенева 3В, тел: + 7 (702) 557 40 58.

Территория воздействия: Карагандинская область, Каркаралинский район, Шарыктинский с.о., с. Теректы.

Географические координаты участка: Месторождение Коктасжал 50°06'02,86" с.ш. 76°09'21,07" в. д.

Географические координаты территории воздействия: с. Теректы (Шарыктинский с.о.) 50°00'35,76"с.ш. 76°10'23,91"в. д.

**Объявление**

ТООКредитное товарищество «Қарқаралы» (БИН030640001659) уведомляет о проведении очередного общего собрания участников ТОО КТ «Қарқаралы» назначенного на 03.03.2025 года в 11 часов 00 минут по времени г. Астана, которое будет проведено по адресу: Каркаралинский район, г. Каркаралинск, ул. Т. Аубакирова, дом 34, где будет рассматриваться следующие вопросы:

Отчет Председателя Правления о проделанной работе за 2024 год;

Об утверждении отчета ревизора по финансово-хозяйственной деятельности КТ за 2024 год;

Утверждение годовой финансовый отчетности за 2024 год;

Утверждение бюджета и штатного расписания кредитного товарищества на 2025 год;

Об утверждении плана работы КТ на 2025 год;

О принятии одностороннего решения о предоставлении в залог АО «АКК» денежных средств КТ, размещенных на депозитных счетах в БВУ РК и АО «Казпочта» в размере не менее 25% от уставного капитала КТ, с предоставлением АО «АКК» права на безакцептное списание денежных средств со всех счетов КТ, открытых со всех БВУ РК и АО «Казпочта»;

Увеличение кредитной линии КТ.

**Жарамсыз деп танылсын**

Қарқаралы қаласының тұрғыны, 1977 жылы 13 сәуірде дүниеге келген Ақтанберлина Анаргүл Нурбаевнаның атына берілген Еркемов атындағы 2 орта мектебінің аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп саналсын.

\*\*\*\*

Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі 128 үйдің тұрғыны, 1977 жылы 28 маусымда дүниеге келген Нуркашева Ляйля Толешовнаның атына берілген Еркемов атындағы 2 орта мектебінің аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп саналсын.

**ЕСКЕ АЛУ**

Ардақты анамыз, асыл әжеміз **ДӘМЕЛІ ҚҰДАЙБЕРГЕНОВАНЫҢ** өмірден өткеніне 40 күн толып отыр.



Тәріміздің сәні болған, ағайынға қадірлі, балаларына қамқоршы, немерелеріне ақылшы болған асыл қазынамыздан айырылып, қанатымыз қайырылғанына да қырық күн өте шықты. Аяулы анамыз балаларын өсіріп, жеткізіп, өз орнын тапқан ұл-қыз қылып ер жеткізді.

Асыл анамыздың қазасы қабырғамызды қайыстырып, сағынышқа айналдырды. Адамның пешенесіне жазғанын ешкім білмейтіні, өмір жолының бір ғана сәтте аяқталатыны рас екен. Абзал анамызға деген сағынышымыз, қимастығымыз күн сайын ұлғайып, жүректегі шеріміз тарқар емес. Анамыздың өмірдегі орны, қадір-қасиеті, болмыс-бітімі біз үшін ерекше. Анамыздың жарқын жүзін, үлгі-өнегесін, арамдыда жүрген шуақты шақтарын сағына еске алып, қабірі жарық, топырағы мамық болсын, рухына Алланың нұры жаусын деп дұға бағыштаймыз.

**Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, құда-жеқжат, дос-жаран, көз-көрген барша жамағат, ардақты анамыз Дәмелі Құдайбергенованың 40 күндік асы 2025 жылды 21 ақпанында 13:00-де Қарқаралы қаласы «Асылан» дәмханасында өтетінін хабарлаймыз.**

Еске алушылар: **Наушабаевтар әулеті**

**ЕСКЕ АЛУ**

Ардақты анамыз, асыл әже, адал жар **СӘКИНА ҰДЫРЫСҚЫЗЫНЫҢ** өмірден өткеніне 40 күн толып отыр.



Сәкина Ұдырысқызы 1942 жылы туған.

Сарандағы педагогикалық училищені бітірген. Еңбек жолын алғаш Шет ауданында бастаған, 1964 жылдан бастап Қарқаралы мектептерінде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарды.

Анамыз жарты ғасырға жуық ғұмырын ұстаздыққа арнаған, ауылымыздың жадында ұлағатты ұстаз ретінде есте қалды. Анамыздың ұстаздық жолында адал еңбегі бағаланып аудандық, облыстық оқу бөлімдерінен де марапаттары көп еді. «Еңбек ардагері» медалімен, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінң үздігі» тес белгісін алған, 1997 жылы зейнеткерлікке шықты.

Анамыз тағылымы мол, тәлімі терең, марқұм әкеміздің қасқабағына қарап, үйдегі біздің санамызға ғана емес, ауыл балаларының санасына да сәуле құйған ардақты жан еді. Анамыз ақкөңіл, біртоға, таза, адамгершілігі мол, ел-жұртына, ағайын-туысына сыйлы болатын. Қандай да бір жетістіктерге жетіп жатсақ, сый-құрметке бөленіп жатсақ марқұм анамыз бен әкеміздің арқасы деп білеміз.

Әкеміз Медеубаев Қайырбек екеуі 4 баланы тәрбиелеп жеткізді. Бәріміз жоғары білім алдық. Әр салада еңбек жасап жүрміз. Әкеміз қайтыс болғаннан кейін біраз жылдан кейін Астанаға көшіп келген еді. Денсаулығы болмай 2025 жылдың 11 қаңтарында дүние салды. Анамызды табан тіреген өлкесі, балаларының кіндік қаны тамған жері Қарқаралыда жерлеп, ақтық сапарға аттандырдық.

Әр бала үшін қанша іздесе де Аның орны толмас. Анамыз – біздің өміріміздің темірқазығы, мәңгілік сағынышқа айналып кете барды.

Бізге артынан дұға бағыштап, жаны жәннат төрінде болғай деген тілеуден басқа шара жоқ. Алла марқұмның жүзін иман нұрымен нұрландырып, рухына дұға бағыштап, жанын жәннатта мекен еткізсін.

Сағыныштың муңы бар көңілдерде,  
Асыл бейнең қашанда жүректерде.  
Өзегіміз өртеніп сағынамыз,  
Қадіріңе кім жетер бұл өмірде.

**Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, құда-жеқжат, дос-жаран, көз-көрген барша жамағат, ардақты анамыз Бошанова Сакина Ұдырысқызының 40 күндік асы 2025 жылды 23 ақпанында 12:00-де Қарқаралы қаласы «Асылан» дәмханасында өтетінін хабарлаймыз.**

**2025 жылдың 22 ақпанында сағат 13:00-де Астана қаласы Керей-Жәнібек хандар көшесі 18 «Қобыз сарайында» өтеді.**

Еске алушылар: **Жанар, Гүлнар-Сәулет, Анар-Думан, Әлібек-Айнұр**

**ЕСКЕ АЛУ**

М.Мамыраев ауылының тумасы, Қарқаралы қаласының тұрғыны болған, аяулы жар, ардақты әке, немере-жиендерінің мейірімді атасы болған **Хасенов Қанат Қамзаулы** бүгінде тірі болғанда 12-ші ақпанда 70 жасқа толар еді. Фәни жалғаннан о дүниеге аттанғанына да биыл 16 тамызда 9 жылдың жүзі болады. Арада қанша жыл өтсе де, екенің орнын басып, аялы алақанын ешбір дүние алмастыра алмас. Ақкөңіл, жанұясына адал, ұлын ұяға, қыздарын қияға қондырған әкеміздің о дүниеде мінгені пырақ, жаққаны шырақ болсын деп рухына дұға бағыштаймыз. Жаратқан иеміз жар болып, марқұмның қабіріне мейірім шапағатын төксе екен дейміз.



Бақыт дейді, бақыт бар ма жалғанда,  
Көнеміз ғой тағдыр басқа салғанға.  
Өзімізді санаушы едік бақытты,  
Әкеміз ортамызда болғанда.

Еске алушылар: **жұбайы Үміт, балалары, немере-жиендері**

2024 жылдың маусым айының 26 күні қайтыс болған азаматша **ТОКЕНОВА КЛАРА ЕРГАЛИЕВНА** атына мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдар Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі 21А ғимарат 3-бөлме мекенжайы бойынша (фотосалон ғимараты) нотариус Какибаев Даулет Амангельдиевичке хабарласуыңызға болады. Тел. 8 702 391 0 333

2024 жылдың тамыз айының 30 күні қайтыс болған азамат **КОПБАЕВ БЕКЕН ЕЛЕНБОЛОВИЧ** атына мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдар Қарқаралы қаласы Т.Әубәкіров көшесі 21 А ғимарат 3-бөлме мекенжайы бойынша (фотосалон ғимараты) нотариус Какибаев Даулет Амангельдиевичке хабарласуыңызға болады. Тел. 8 702 391 0 333

**ІІМ ЕСКЕРТЕДІ!**

- Егер сізге қоңырау шалып, абоненттік нөмірді пайдалану мерзімі аяқталғаны туралы хабарласа-сенбеңіз!!!
- Егер сізге банк немесе полиция қызметкерлері қоңырау шалып, күдікті операциялар туралы хабарлаған болса- сенбеңіз!!! Өңгімені үзіп, банктөрдің немесе полицияның ресми нөмірлеріне қайта қоңырау шалыңыз.
- Әлеуметтік желілерде танымайтын адамдарды достарыңызға қоспаңыз. дербес ақпаратты бөгде адамдарға хабарламаңыз.
- Таурды сатып алу (сату) кезінде алдын ала төлеуге келіспеңіз.
- Банктік шоттарыңызды ешкімге жалға немесе уақытша пайдалануға бермеңіз.
- Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде ұсынылатын күмәнді қаржыландыру мен инвестициялардан бас тартыңыз.
- Басқа өңірлерден жеткізілімдерге, тасымалдарға(логистика) тапсырыс беру кезінде жарнаманың дұрыстығына көз жеткізіңіз.



**Шындық болу үшін тым жақсы болып көрінетін ұсыныстардан сақ болыңыз.**

**МВД предупреждает!**

- Если вам позвонили и сообщили что у абонентского номера истек срок давности -это ложь!!!
- Если вам позвонили сотрудники банка или полиции и сообщили о подозрительных операциях, это ложь!!! Прервите разговор и перезвоните на официальные номера БАНКОВ либо ПОЛИЦИЮ.
- Не добавляйте в друзья людей, которых вы не знаете. Не делитесь личной информацией в социальных сетях с посторонними.
- Не соглашайтесь на предоплату при покупке (продаже) товара.
- Не передавайте свои банковские счета в аренду или временное пользование.
- Откажитесь от сомнительных вложений и инвестиций предлагаемых в социальных сетях и мессенджерах.
- При заказе доставок, перевозок из других регионов (логистика) убедитесь в достоверности объявления.



**Будьте осторожны с предложениями, которые кажутся слишком хорошими, чтобы быть правдой.**

**Біздің байланыс телефонымыз: 8-775-548-3523**

## Білім

Университет - мектептен кейінгі адам баласының білімін мамандығымен ұштастыра отырып жетілдіретін ерекше білім ордасы. Мамандықтың қыр-сырына даярлайтын бұл білім ордасы қазақ жерінде тура бір ғасыр бұрын бастау алған. Университеттердің ашылу кезеңдеріне біз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін жатқыза аламыз. Бір ғасырға татитын тарихы бар бұл университет, тек қазақ даласына ғана емес, аты жеті тарапқа дарыды.

Еліміздегі ең іргелі оқу орны Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 1934 жылы құрылған тарихы терең, ТМД елдері арасында алдағы орында келе жатқан білім ордасы. Халықаралық Quasquarelli Symonds (QS) агенттігінің рейтингіндегі әлемдегі ең үздік 200 университет қатарына енген Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орны. Бұндай үлкен жетістіктің артында университетте білім алып жүрген әр студенттің, профессорлар мен оқытушылардың үлкен командалық еңбегі жатыр. ҚазҰУ-де студенттерге оқуға ынтасын арттыру үшін барлық жағдай жасалған. Университетте Орталық Азиядағы ең үлкен кітапхана, жайлы өмір сүруіне арналған жатақханалар, соңғы үлгіде салынған ыңғайлы корпусстар студенттердің еркін білім алып тұлғалық қасиеттерін дамытуына үлкен мүмкіндік береді. Республика бойынша жоғары білімі мол, кәсіби мамандарды қалыптастыру шеберханасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ерекше рөл атқарады. ҚазҰУ-дың тарихы еліміздің дамуымен тығыз байланысты. Университет алғашында бірнеше гуманитарлық және жаратылыстану факультеттерінен бастау алып, уақыт өте келе ғылым мен білімнің барлық саласын қамтитын алып орталыққа айналды. Соғыс жылдары университеттің рөлі ерекше болды: көптеген студенттер мен оқытушылар майданға аттанып, елге қайтпағандар да аз болмады. Сонымен қатар, осы кезеңде университетте астрономия, химия және физика секілді ғылым салаларының қазақстандық мектептері құрылды.

# Қазақ Ұлттық Университеті: Ұлттық білім мен дәстүрдің үйлесімі



ҚазҰУ ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға басымдық береді. Университет жанында инновациялық ғылыми орталықтар, зертханалар жұмыс істейді. Ғылыми зерттеулердің нәтижелері тек Қазақстанда ғана емес, әлемдік деңгейде танылып келеді. Мысалы, университетте биотехнология, нанотехнология және жасанды интеллект салалары бойынша зерттеулер жүргізілуде. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де 29 000-нан астам студент білім алады, оның ішінде бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейінде оқытындар бар. Студенттерге жайлы өмір сүру

үшін университет ішінде "Керемет" студенттерге қызмет көрсету орталығы, спорттық кешендер, жатақханалар және үлкен кітапхана қарастырылған. Сонымен қатар, университетте мәдени және спорттық іс-шаралар жиі өткізіліп, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беріледі. ҚазҰУ көптеген халықаралық ұйымдармен серіктес және шетелдік университеттермен студенттер алмасу бағдарламаларын жүзеге асырады. Бұл студенттерге жаһандық деңгейде білім алып, тәжірибе жинауға жағдай жасайды. ҚазҰУ-да 16 факультет жұмыс істейді, олардың ішінде ақпараттық

технологиялар, филология, философия және саясаттану, медицина, экономика, халықаралық қатынастар сияқты түрлі бағыттар бар. Университет бакалавриаттан бастап докторантураға дейін білім береді және 180-нен астам мамандық бойынша кадрлар даярлайды. Соның ішінде ерекше көзге түсетін Экономика және бизнес жоғары мектебі. Экономика және бизнес жоғары мектебі – бұл Қазақстанның қаржы, экономика, және басқару салалары үшін білікті мамандар даярлайтын жетекші факультеттердің бірі. Факультетіміздің төрт кафедрасында: экономика, менеджмент, қаржы және есеп, бизнес-технологиялар бойынша 2000-нан астам студент білім алууда.

Ол өзінің жоғары сапалы білім беру жүйесімен, озық әдістемелерімен және халықаралық серіктестік бағдарламаларымен ерекшеленеді. Факультетте жоғары дәрежелі профессорлар, докторлар және экономика саласының жетекші мамандары сабақ береді. Олардың арасында халықаралық ұйымдарда жұмыс істеген тәжірибелі ғалымдар да бар. Бұл студенттерге тек оқу ғана емес, нақты экономикалық мәселелерді шешу тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік береді. Экономика және бизнес жоғары мектебі шетелдік университеттермен серіктес. Мұнда студенттер Erasmus+, Fulbright, және басқа да халықаралық алмасу бағдарламалары арқылы әлемнің үздік оқу орындарында білім ала алады. Сонымен қатар, факультет студенттері Еуропа, Азия және АҚШ-та тәжірибе жинақтайды. Экономика және бизнес жоғары мектебінің түлектері елдің экономика, қаржы және мемлекеттік басқару салаларында жетекші орындарға ие. Олардың басым бөлігі:

Ұлттық және халықаралық компанияларда жоғары лауазымдарда жұмыс істейді.

Қазақстанның қаржы секторында білікті маман ретінде танылған.

Өздерінің табысты бизнес-жобаларын жүзеге асыруда.

Экономика және бизнес жоғары мектебі – бұл тек білім беру орны ғана емес, Қазақстанның экономикалық әлеуетін қалыптастыратын маңызды орталық. Студенттерге ұсынылатын кең мүмкіндіктер, халықаралық деңгейдегі білім беру және тәжірибелік дағдылар факультетті ерекше етеді.

Қандай да болмасын мемлекеттің даму стратегияларында болашаққа деген сенім мен игі мұраттарға бастайтын құндылықтардың қатарында ғылым мен білімнің маңызы айрықша. Ғылым – дүниетанымдық әдіс және мәдениеттің бір саласы ретінде қоғамның мәдени-әлеуметтік маңызды құбылыстарының дамуына ықпал ететін категория болса, білім – адамзаттың тіршілік ету сферасынан өмірлік тәжірибе арқылы жинақталған іс-әрекеттің өнімнің көрсеткіші және ғылым заңдарының, теориялық ережелер мен тұжырымдардың тәжірибеде дәлелденген жалпы түсінігінің жиынтығы.

Университеттің басты мақсаты отандық және шетелдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, әлемдік білім беру кеңістігінде орын алатын, қолданбалы және іргелі зерттеулерді дамытып, оларды өндірісте қолдануға өз үлестерін қосатын жоғары маман өмірін дайындау болып табылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – бұл білім мен ғылымның алтын ордасы. Университетте білім алған әрбір жас маман үлкен өмірге дайындықпен қадам басып, өз армандарын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Бұл – шынымен де "армандар мекені".

**Г.И. СУПУГАЛИЕВА,**  
**«Қаржы және есеп»**  
**кафедрасының аға оқытушысы**  
**Әл-Фараби атындағы Қазақ**  
**Ұлттық Университеті**


## Спорт күнделігі

## Қанжығада – күміс жүлде

Қарқаралы өңірінің тумасы, бокстан спорт шеберлігіне үміткер Заңғар Даниярұлы Марат 2011-2012 жылдары жарық дүниеге келген жас жайнақтар арасында қаңтар айының соңында бокстан өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында күміс жүлдегер атанды.

Спорт шеберлігіне үміткер дәрежесін өткен жылы қорғаған Заңғар 70 килограммға дейінгі салмақ дәрежесінде Қарағанды облысының чемпионы. Бүгінгі таңда облыс орталығында орналасқан Әлия Молдағұлова атындағы спорт интернатының сегізінші сыныбында білім алатын Заңғар мектептің бокс секциясында жаттығады. Ол бокстан Қазақстан құрама командасының мүшесі.

Өз тілшімізден



## Ұмытылмас тарих

## Әскери-патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылды

Биыл Ауғанстан демократиялық республикасынан әскерлердің шығарылғанына 36 жыл. Осыған орай айбынды азаматтар құрметіне арналған әскери-патриоттық хор байқауы өтті. Оған қала оқушылары қатысты.



